

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Сізге, 2025 жылдың 21 қазан күні «Мен зерттеушімін» атты аудандық экологиялық байқауы сырттай өткізілетінін хабарлайды.

Байқауға жалпы орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының 10-17 жас аралығындағы оқушылары-мектепшілік кезеңінің Бас жүлде, I орын иеленген жеңімпаздары қатыса алады.


Байқауға қатысуға өтінімдер 2025 жылдың 20 қазанына дейін abb_gauharjan@mail.ru №1 қосымшадағы үлгі бойынша қабылданады. 2025 жылдың 20 қазанынан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқау жұмысы <http://www.youtube.com> (бейне сапалы, тоқтаусыз бірыңғай бейнемен жазылуы керек) каналында орналастырып, сілтемесі қосымша 1 өтінімде міндетті түрде көрсетілуі керек.

Қосымша: 5 парақта (байқаудың ережесі)

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов



«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов
« 04 » қазан 2025ж

**«Мен зерттеушімін»
аудандық экологиялық онлайн байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ереже

«Мен зерттеушімін» аудандық экологиялық байқауын өткізу шарттары байқаудың мақсатын, міндеттерін, өткізілу тәртібін және қатысушыларға қойылатын талаптарды айқындайды.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

- Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғи ресурстарды сақтау мақсатында зерттеу, жобалау және табиғатты қорғау қызметі арқылы олардың белсенді әлеументтік ұстанымын дамыту.

Міндеттері:

- Жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға, қоршаған әлемге, табиғатқа, экологияға және қоршаған ортаны сақтауға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- оқушылардың экологиялық сауатты мінез-құлқын қалыптастыру;
- жалпы білім алушылардың назарын экологиялық мәдениетті дамытуға және дені сау, мәдениетті, еркін және жауапты жеке тұлға болып қалыптасуға аудару.
- Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша оқушылардың хабардарлығын арттыру.

III. Байқауды ұйымдастырушы

- Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің базасында сырттай өткізеді.
- Ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

IV. Байқауға қатысушылар

-Байқауға жалпы орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері қатыса алады.

-Қатысушылар номинация бойынша келесі жас санаттар бойынша қатысады:

- 10 – 13 жас (орта топ);
- 14 – 17 жас (жоғарғы топ);

V. Байқаудың мерзімі мен кезеңдері

Байқау 2025 жылдың 21 қазан күні, сағат 10:00-де аудандық білім бөлімінің базасында сырттай өткізіледі.

Байқауға қатысуға өтініштер 2025 жылдың 20 қазанына дейін abb_gauharjan@mail.ru қосымша 1 төмендегі үлгі бойынша қабылданады. 2025 жылдың 20 қазанынан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

ЕСКЕРТУ: Байқауға мектепшілік іріктеу кезеңінен өткен Бас жүлде, I орын жеңімпаздарының ғана жұмыстары аудандық кезеңге қабылданады. Байқау жұмысы <http://www.youtube.com> (бейне сапалы, тоқтаусыз бірыңғай бейнемен жазылуы керек) каналында орналастырып, сілтемесі қосымша 1 өтінімде міндетті түрде көрсетілуі керек.

Байқауға ұсынылатын жұмыстар тақырыпқа сәйкес болуы, толық ашылуы, мазмұнды және түпнұсқалық болуы тиіс. Бұрынғы байқауларға қатысқан немесе плагиат анықталған жұмыстар қабылданбайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздар жетекшілерінің алғыс хаттары өтінімде көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

VI. Байқау номинациясы

I. «Денсаулық және қоршаған орта» номинациясы—адам денсаулығына қоршаған ортаның әсерін, денсаулық саласында тәжірибелік қызметті, қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларды көрсететін жобалар байқауы.

Зерттеу жобаларын қорғау байқауларына реферат (баяндама) сипатындағы жұмыстар жіберілмейді.

Байқауға <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме (бейне сапалы, тоқтаусыз бірыңғай бейнемен жазылуы керек).

Жұмыстарды рәсімдеу талаптары:

Қойылатын талаптар: таңдалған тақырыптың өзектілігі мен мазмұны, аталған зерттеу жұмысына қосар практикалық үлесі жөніндегі қысқаша сипаттама беріледі.

Жобаны қорғау уақыты – көрсететін материалды (макеттер, үлгілер, видео және т.б.) қолдануымен **6 минуттан** аспауы тиіс. Жобаны қорғау кезінде жұмыстың авторына 6 минут беріледі, ол осы уақытта:

- жұмыстың мақсатын;
- тақырыптың өзектілігін;
- қойылған мақсатқа жету әдістерін;
- нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығын;
- жұмыстың негізгі қорытындыларын айтылуы қажет.

Бағалау өлшемдері:

- зерттелетін мәселелердің өзектілігі мен жаңашылдығы;
- жүргізілген зерттеулердің деңгейі мен көлемі;
- қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі;
- жұмыстың практикалық маңызы;
- автордың қосқан жеке үлесі;
- сөйлеу шеберлігі;
- зерттеу жұмысы оқушының өзі немесе педагогтың жетекшілігімен орындалуы тиіс.

Жұмыстың құрылымы:

- Титул парағы (1 бет): жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, аудан, (ауыл); тегі, автордың аты-жөні, жасы, жұмыс атауы, ауданы, жыл;
- Кіріспе (тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері).
- Негізгі бөлім (зерттеу әдістері, эксперимент немесе бақылау сипаттамасы, нәтижелер).
- Қорытынды (қорытындылар мен ұсыныстар).
- Қолданылған дереккөздер тізімі.

Байқауға ұсынылатын жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) титул парағы (1 бет);

Титулдық бетте: жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, аудан (ауыл); тегі, автордың аты, жасы; жұмыс атауы; жыл

2) кіріспеде: таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі, осы жұмыстың мақсаты (міндеті) келтіріледі; қойылған міндетті шешу әдістері қысқаша көрсетіледі;

3) жұмыс кезеңдері мыналарды қамтуы тиіс:

- осы жұмыстарды жүргізу қажеттілігін көруге және оның мақсатын (міндетін) тұжырымдауға мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге аналитикалық шолу;
- қойылған міндетті шешу әдістерінің сипаттамасы;
- жұмыс нәтижелері және оларды талқылау;
- иллюстрациялық материалдар (сызбалар, графиктер, фотосуреттер, суреттер);

4) қорытынды жұмыстың негізгі нәтижелерін және олардың негізінде жасалған қорытындыларды, жұмыс нәтижелерін және олардың негізінде жасалған қорытындыларды, жұмыс нәтижелерін

ғылыми және практикалық мақсаттарда пайдалану жөніндегі ұсынымдарды қамтиды;

Пайдаланылған әдебиеттер жұмыс соңында жалпы тізіммен мынандай тәртіппен келтіріледі; автордың тегі мен аты-жөні; мақаланың және журналдың атауы (журнал мақалалары үшін); журналдың, кітаптың атауы; басылымның орны және баспасы (кітаптар үшін), шыққан жылы, шығарылым нөмері, беттері

VII. Байқау нәтижелерін шығару және марапаттау

Байқаудың қорытындысын әділқазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

*Ұйымдастырушы комитетінің байланыс номері: 87087157381
(жауапты-Ногайбаева Гаухар Жанатқызы)
Электрондық пошта: abb_gauharjan@mail.ru*

Аудандық «Мен зерттеушімін» тақырыбындағы аудандық экологиялық байқауы

Өтінім

№	Ауданы, мекемесі	Номинация Атауы, Жұмыстың тақырыбы	http://www.youtube.com каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме	Оқушының аты-жөні, жасы	Жетекшінің аты-жөні	Жетекшінің байланыс телефоны, электрондық поштасы (міндетті түрде көрсетілуі тиіс)

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

– Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғи ресурстарды сақтау мақсатында зерттеу, жобалау және табиғатты қорғау қызметі арқылы олардың бәсекеді әлеуметтік ұғымын дамыту.

Міндеттері:

– Жергілікті аумақтық рухани-ақпараттық құндылықтарға, қоршаған ортаға, табиғатқа, экологияға және жарияланатын ортаны сақтауға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

– оқушылардың экологиялық сауатты мінез-құлқын қалыптастыру;

– жергілікті білім алушылардың өздерінің экологиялық мәдениетті дамытуға және дені сау, мәдениетті, ақыл және жауапты жерге тұтып баулануға қабілетін арттыру.

– Жергілікті ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша оқушылардың хабар тарихын арттыру.

III. Байқауды ұйымдастырушы

– Байқаудың ауқымдылығы білім бөлімінің бастығына сырттай өткізіледі.

– Ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және оған қатысушы азаматтық хуқықтық құрылым қатынастағылардың тікелей откізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.